

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттар үшін Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу және таңдаушыларымен кездесу өткізу үшін үй-жай ұсыну туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 139 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 маусымда № 4214 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қазандағы № 263 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 27.10.2017 № 263 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңы 28-бабының 4, 6-тармақтарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аққайың аудандық сайлау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының кандидаттары үшін Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін 1-қосымшаға сәйкес орын белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының кандидаттарына Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында таңдаушыларымен кездесу өткізу үшін шарттық негізде 2-қосымшаға сәйкес үй-жай ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімі аппаратының басшысы М.Т. Дүйсембаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оны бірінші ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"*

*Қазақстан Республикасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың аудандық
сайлау комиссиясының
төрайымы*

2017 жылғы 25 мамыр

Д. Байтөлешов

О. Плищенко

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына
кандидаттар үшін Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының
аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін белгіленген
орын**

р/ с №	Ауылдық округ атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін белгіленген орын
1	Смирново ауылдық округі	Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы Смирново ауылы, 9 Май көшесі, 67 " Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы аумақта орналасқан ақпараттық стенд

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың
ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 25
мамырдағы № 139 қаулысына 2 қосымша

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына
кандидаттарына Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының
аумағында таңдаушыларымен кездесу өткізу үшін ұсынылған үй-жай**

р/ с №	Ауылдық округ атауы	Кездесулер өткізу орны
1	Смирново ауылдық округі	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы, Смирново ауылы, 9 Май көшесі, 67 " Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы